

“ҚАРАҢҒЫ ТҮНДЕ ТАУ ҚАЛҒЫП”

Лаула Шаяхмет

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Бір адам әлем халықтарының барлық тілін білуі мүмкін емес. Аударма арқылы әлем әдебиеті мен әлем жаңалықтарына қол жеткізеді. Осыған қол жеткізу үшін аударма өмір шындықтарын айна-қатесіз, өмір шындықтарының арасындағы тепе-теңдікті сақтап, жалпы халықтық мәні бар, мәнді шындық құбылыстарын суреттейді. Аудармашы өзінің шығармашылық еңбегі барысында әдеби шығарма мен онда көрініс тапқан шындық құбылыстарды қатар ұстайды. Осы шындық құбылыстардың көркем бейнесін аудармада қайта жасайды. Көркем аударма жасау – өте күрделі, шығармашылық ойлаудың тереңдігі мен көркемдік қиялдың қуаттылығына негізделетін, үнемі жетілдіре, кемелдендіре беретін шығармашылық еңбек. Аудармада лайықты түрде берілген мағынаның салмағы маңызды екені басшылыққа алынады. Көбінде аудармада ойдың мәнін сақтап аударлады. Көркем аударма – өнер, сөз өнерінің ерекше бір саласы. Аудармашыда шығармашылық шабыт болу керек. Аудармада аудармашының білімі, талғамы, дарыны, болмыс, характері бой көрсетіп тұрады. Аударма жасаудың қиындығы да осында.

Аудармашы - халық пен халықты таныстырып, достастыратын дәнекер. Аударма жасау - қиын мәселе. Аудармаға қойылатын талап пен талғам да зор. Балама аударма көріксіз көшірме емес, нағыз көркем аударма түпнұсқаның көркемдік, эмоциялық, эстетикалық ерекшеліктерін екінші тілде түгел мүсіндеу дегенді білдіреді. Мұндай аударманың үлгілерін біз қазақ поэзиясында алдымен Абайдан табамыз. Ұлы ақын аударған Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларының төл туындымыздай халқымыздың көкейіне қонып, зердесіне ұялауы аударма өнерінің құдірет-күшін танытады. Абай өзі қазақша сөйлеткісі келген шығарманың қан тамырын дәл басып, жүрек тынысын дәрігерше тыңдап, мүлтіксіз сезде білді.

Абай қазақ сөз өнеріне өзіне дейін де, өзінен кейін де ешқандай ақын бере алмаған мол жаңалық, соны тақырып, жаңа қалып, тың ой, шын көркем сөздер қалдырып кетті. Абайды Ахмет Байтұрсыновтай ғалым «қазақтың бас ақыны» деп атаған еді. Шынымен де Абай қазақ сөз өнеріне көптеген жаңалықтар әкелді. Абай өзіне дейінгі өлең өнеріне сын айтып, «жан жағы жұмыр, тегіс келген» өлеңді жазуды кейінгілерге өсиет етті. Өзі де сол сынға жауап берерлік тамаша өлең өрнектерін жазып қалдырып кетті. Абай өлеңдерімен бірге қазақ әдебиеті жаңа, классикалық сапаға көтерілгені, көркемдік талаптың жоғарылағаны, эстетикалық талғамға жауап берерліктей

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

өскені анық. Ақынның қай өлеңін алмаңыз, эстетикалық талаптарға толық жауап бере алады. Ақын мұрасының бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, уақыт өткен сайын құны арта түскен шығармашылығының өміршеңдігі де осында болу керек.

Абайдың төл туындылары бір төбе болса, аударма деуге қимайтындай төл туындыдан кем түспес аудармалары бір төбе. Абай орыс әдебиетімен таныса отырып, батыс, еуропа мәдениетіне енді. Ақын өзінің қара сөздерінде орыс әдебиетін, мәдениетін әрдайым мадақтап, содан үйренуді үлгі етті. Білімге ұмтылған әрбір жас орыс тілін білмекке, орыс әдебиетін оқымаққа, сол арқылы әлем мәдениетіне есік ашуға үндеді. Өзі де орыстың әдебиетімен қатар еуропа мәдениетімен сусындады. Сол арқылы білім көкжиегі кеңейді. Ол орыстың Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды классиктерін қазақша сөйлетіп қана қойған жоқ, ол солар арқылы немістің атақты ақыны Гетені де қазақша сөйлетті.

Абай Лермонтовтан «Ночная песнь странника» – «Жолаушының түнгі жырын» аударғанда туындыны өз көңілінен, өз жүрегінен ыстық сезіммен, нәрлі талғаммен ой елегінен өткізген. Аударма үстінде шабыттанып, сүйсіне аударған. Аударманың құндылығы осында. Өз тілегімен шабыттына, сүйсіне аударған шығарма оқырман қауымды да қатты сүйсіндіруі сөзсіз. Егер ақын жанын дәл солай толғантапаған аударма жай ғана кезекті бір аударма болып қалар еді, ақын жанын тебіrentіп, өзегін жарып шыққандықтан Абайдың бұл аудармасы аударма деуге қимайтындай, төл туындыға жақын, көркем шығарма болып, жұтынып шыға келді.

Адам тағдыры секілді өлең тағдыры да қызық. Бұл өлеңді Лермонтов немісшеден былай аударған екен:

Горные вершины,
Спят во тьме ночной.
Тихие долины,
Полны свежей мысли.
Не пылит дорога,
Не дрожат листы.
Подожди немного,
Отдохнешь и ты.

Бұл жолдар түнгі тыныштық тамаша табиғат мезеті философиясымен берілген сұлу, сырлы, ой-сезіммен үндескен ғажайып лирика. Түнгі табиғат, күллі әлем осы жолдарға сыйып тұр. Осы аударманың сәтті берілгені соншалықты төл туындыдай көңілде жатталып, шымырлап, бойға еніп, әуені құлағына ыңылдап келіп, тұрғандай Абай өлеңнің ырғағын, сөзін, әдемі әуезін, ішкі ойының терең мәнін көңіл көрегендігімен дәл жеткізе білді. Өлең шалыс ұйқас үлгісімен жазылған.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Қаранғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол дағы.
Сыбдырламас жапырақ
Тыншығарсың сен дағы
Сабыр етсең азырақ.

Аударып қана қоймай, әдейі арнап ән шығарған Абайдың сиқырлы сезімге толы, лиризмге тұнып тұрған осы бір сегіз жолын қай қазақ білмейді?! Қай қазақ әндетпейді?! Абай аудармасын ешкімнен кем дей алмайсың. Сап алтыннан құйылып түскен сұлу да, мінсіз мүсін секілді. Шашау шыққан бір сөз жоқ. Түн басқан тау келбеті, жым-жырт дала қандай ғажап! Шаң шығармайтын жол мен сыбдырламайтын жапырақ көңіл күйін тыныштыққа шақырып тұрған жоқ па! Лермонтов аудармасының бүлк-бүлк соққан тамырын, Абай айнытпай басқандығы соншалық талай жүз жылдықтар өтсе де бұл өлеңді қайта аударуға ешкім қаракет жасамады. Абай аудармасы философиялық ой-күйін, түйсік-сезім, дүние танымын айқын бере алған. Абай Лермонтов тәржімасы арқылы ұлы Гетенің жан сырын дөп басып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық нәр беріп, жаңа тың жыр туғызған. Абайдың шеберлігі, көрегендігі, сезімталдығы осы аударманы оқығанда қазақтың шығармасын оқығандай әсер етеді. “Қаранғы түнде тау қалғыпты” білмейтін, шырқамайтын қазақ жоқ. Оған бір жағынан Абай жазған кең тынысты, нәзік әуенді әні себеп болуы мүмкін.

Буын санына бөліп көрсек, аударманың әуезділігіне көзіміз анық жетер еді:

Қа/ран/ғы түн/де тау қал/ғып, /а/,8
Ұй/қы/ға ке/тер бал/бы/рап, /б/,8
Да/ла/ны жым-жырт дел-сал ғып, /а/,8
Түн ба/са/ды сал/бы/рап. /б/,7
Шаң шы/ғар/мас жол да/ғы. /а/,7
Сыб/дыр/ла/мас жа/пы/рақ /б/,7
Тын/шы/ғар/сың сен да/ғы /а/,7
Са/быр ет/сең а/зы/рақ. /б/,7

Абайдың аудармашы ретіндегі сезімталдығына қайран қалмасқа болмайды. Орыс өлеңі арқылы неміс елінің тіршілік-тынысын тап басуы керемет.

Лермонтов: «Қараңғы түнде тау шыңдары ұйықтайды» десе, Абай «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» деп қазақшалайды.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Сөйтіп, Гетенің өзіндегі «покоится» дегеніне бір табан жақындай түседі. Абай әуелі тауды қалғытады да, содан кейін барып, балбыратын ұйқыға батырады. Өлең оқыған адамды тыныштыққа бөлеп, маужырат-қалғандай болады.

Ұлты, салт-санасы, дәстүрі бөлек екі ұлттың екі ақынының жаны үндес болғанда, көңілі мұндас болғанда ғана мұндай тамаша аударма дүниеге келетін секілді. Гете мен Абай лирикасында үндестік мол. Гете мен Абайды туыстыратын қасиет - «ақиқатқа ұмтылу, шындықты артық санау». Бұл ойшыл һәм суреткерлік болмысқа тән ізгілік шарапаты. Гете «Фаустта»: «Іздеген жан адасуға мәжбүр», - деген.

Абай:

Ғадәләт пен мархамат - көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ, соған көмек, -

дейді.

Абай «Көк тұман - алдыңдағы келер заман» атты өлеңінде әділет пен рақым, шындық пен ізгілік егіз екеніне мегзейді.

Аталмыш шығарма туралы пікірін өз кезінде атақты Толстой да білдірген екен. Неміс тілін жетік білген Лев Толстой осы аударманы неміс тіліндегі түп нұсқадан әлдеқайда көркем деп бағалаған. Түпнұсқадан Лермонтов аудармасы асып тұрса, Лермонтов аудармасынан Абай аудармасын әсте кем дей алмайсың. Пушкиннен аударған «Татьянаның қырдағы әні» қазақ даласына қалай тарап, сіңіскен болса «Қараңғы түнде тау қалғып» туралы да дәл солай сеніммен айта аламыз. Абайдың өзі шығарған әуенімен қосылып ән болып шырқалған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі қазақ даласын әнімен талай тербеген, даланы ғана емес халықты да баураған болар. Абай қаламынан туған осынау тамаша аударма қазақ аудармаларындағы ең бір көркемі, ең бір саздысы болып қала бермек.

